

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 7

2025 жылғы 11 шілдедегі
сағ. 11:00

Төрағалық еткен: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
Қоғамдық кеңесінің төрағасы Е.Б. Қанағатов.

Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, ұлттық спорт түрлері бойынша федерациялардың өкілдері, «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» РМҚК директоры, Туризм және спорт министрлігінің қызметкерлері (тізім бойынша).

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасында Ұлттық спорт түрлерін дамыту туралы
(Нұрмұханбетов, Пазылбек, Қанағатов, Кикебаев, Әбдіқадыров, Тұрсынов, Байжұманов,
Бөкенов, Шамиль)

1. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары А.Ш. Нұрмұханбетовтың және Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының директоры Қ.С. Пазылбектің ақпараты назарға алынсын.

2. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті:

1) Қырғыз Республикасының уәкілетті органдарымен бірлесіп «Көкпар» мен «Көкбөру» бірыңғай дәстүрлі ойын ретінде тану мәселесін пысықтасын;

2) патриотизмге тәрбиелеу бағдарламаларында мектептегі білім беруді реформалау, ұлттық спорт түрлері арқылы дене тәрбиесі әдістерін енгізу жөнінде ұсыныстар енгізсін;

3) жоғары оқу орындарында ұлттық мәдениеттің қажеттіліктеріне сәйкес дене шынықтыру оқытушыларының бағдарламаларын реформалау және жаңа мамандықтарын енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) спорттық жылқылардың жеткілікті болуын қамтамасыз ету пысықталсын;

5) ұлттық спорт түрлері бойынша федерацияларды қаржыландыруды жеңілдету мәселесін қарастырсын;

6) Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасы жүргізген аудиттің нәтижелері бойынша анықталған ұлттық спорт түрлерін қаржыландыру саласындағы кемшіліктер мен олқылықтар туралы анықтамалық ақпарат ұсынсын;

7) кешенді ғылыми топтарды уақтылы, жеткілікті қаржыландыру жолымен ұлттық және ат спорты түрлерінің құрама командаларын даярлауды ғылыми-

әдістемелік қамтамасыз ету тұрғысынан «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» РМҚК жұмысын күшейту;

8) ұлттық спорт түрлері бойынша тиімді кадрлық қамтамасыз етудің болмауына байланысты тиісті НҚА әзірлеу мәселесін пысықтасын;

9) ұлттық спорт түрлерінің элементтерін «Жас турист» жобасының бағдарламасына енгізу мүмкіндігін қарастырсын.

2. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Министрліктің бюджеттік бағдарламаларының орындалуы туралы

(Әшім, Бөкенов)

3. Министрліктің Қаржы департаментінің директоры А.Ә. Әшімнің Министрліктің бюджеттік бағдарламаларының орындалуы туралы ақпараты назарға алынсын.

3. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Министрліктің даму жоспарының іске асырылуының нәтижелері туралы

(Бейсембин)

4. Министрліктің Стратегиялық жоспарлау және жобалық басқару департаменті директорының міндетін атқарушы Ж.Д. Бейсембиннің Министрліктің даму жоспарының іске асырылуының нәтижелері туралы ақпараты назарға алынсын.


4. Әр түрлі

(Қанағатов)

5. Қоғамдық кеңестің мүшелері 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына енгізу үшін өз ұсыныстарын хатшы м.а. Ж.Д. Бейсембинге жолдасын.


6. Қоғамдық кеңес хатшысының м.а. Ж.Д. Бейсембин келіп түскен ұсыныстарды жинақтап, жоспардың жобасын, әр комиссия шеңберінде талқылап, бекітуге енгізсін.

**Қоғамдық кеңестің
төрағасы**



Е. Қанағатов

**Қоғамдық кеңес
хатшысының м.а.**



Ж. Бейсембин